

2022 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 29 қарашадағы № 2426 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 қарашада № 30817 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 180 "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28188 тіркелген), Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2022 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы оның ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шымкент қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Айтенов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігі

Шымкент қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 29 қарашадағы
№ 2426 қаулысына қосымша

2022 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері

--	--	--	--	--

№	Субсидия түрлері	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем	Сомасы (теңге)
1	2	3	4	5
1.	Балық азықтарын сатып алу шығыстарын өтеу субсидиялары (жайың тұқымдас балықтар және олардың будандары үшін)	килограмм	104 281	21 899 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК